



ТІЛ ӘЛЕМІ

МИР ЯЗЫКОВ WORLD OF LANGUAGES

ГАЗЕТ 1997 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР
АЙЫНДА ҚҰРЫЛҒАН
ГАЗЕТА ОСНОВАНО В АПРЕЛЕ
1997 ГОДА

№4
(254)

СӘУІР
АПРЕЛЬ

2026



НОВОСТИ

В Астане начался Региональный экологический саммит 2026 с участием Президента

В Астане начал свою работу первый Региональный экологический саммит (RES) с участием глав государств, а также руководителей междуна-родных организаций, передает корреспондент агентства Kazinform.



Фото: Агибай Аяпбергенов / Kazinform

Инициатором проведения экологического форума такого масштаба выступил Президент Касым-Жомарт Токаев на 78-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН в 2023 году. Через два года Глава государства снова вернулся к этой теме, отметив, что 2024 год стал самым жарким за всю историю человечества, и если не прикладывать усилий к решению этих проблем, уже в ближайшем будущем не только Центрально-Азиатский регион, но и весь мир может столкнуться с нехваткой воды и голодом.

В 2025 году инициатива проведения саммита получила дальнейшее развитие — в ходе Международного форума Астана и открытия Регионального центра ООН по Целям устойчивого развития для Центральной Азии и Афганистана.

Главной особенностью саммита стало участие лидеров стран, что подчеркивает высокий уровень и значимость обсуждаемых экологических и климатических вопросов.

Накануне, для участия в мероприятии, в столицу Казахстана прибыли Президент Таджикистана Эмомали Рахмон, Президент Армении Ваагн Хачатурян, Президент Кыргызстана Садыр Жапаров и Президент Туркменистана Сердар Бердымухамедов. Сегодня к ним присоединились президент Грузии Михаил Квелашвили, премьер-министр Азербайджана Али Асадов и президент Узбекистана Шавкат Мирзиёев.

Всего ожидается прибытие официальных делегаций из 15 стран — Азербайджан, Армения, Афганистан, Беларусь, Италия, Германия, Грузия, Камбоджа, Китай, Монголия, Россия, Сербия, Словакия, Хорватия, Япония, что позволяет использовать площадку РЭС для проведения серии двусторонних переговоров по широкому спектру вопросов.

Главная цель мероприятия — выработка практических решений для преодоления экологических и климатических вызовов региона и мира.



Фото: Агибай Аяпбергенов / Kazinform

Работа РЭС начнется с пленарного заседания с участием глав государств и руководителей международных организаций.

Перед началом мероприятия участники сделали совместное памятное фото.

Содержательная часть саммита выстроена вокруг восьми приоритетных направлений:

- поддержка климатического перехода;
- адаптация и экономическая устойчивость к экологическим и природным рискам;
- продовольственная безопасность и экосистема региона;
- устойчивое управление природными ресурсами;
- борьба с загрязнением атмосферного воздуха и управление отходами;

- механизмы достижения экологических амбиций;
- справедливый и инклюзивный переход;
- экологические и цифровые компетенции.

Программа РЭС включает 58 мероприятий, из которых 17 высокого уровня, 4 страновых сессии Центральной Азии и 37 тематических встреч в формате круглых столов, конференций и семинаров.

В программе РЭС также запланированы консультации по созданию Международной водной организации в структуре ООН. Ожидается участие руководителей водных ведомств государств-членов ООН, агентств, реализующих водный мандат ООН, а также исследовательских институтов.

Среди итоговых документов следует отметить совместную декларацию глав государств Центральной Азии «Экологическая солидарность Центральной Азии», отражающую политическую волю к углублению сотрудничества в сфере экологически устойчивого развития, а также Региональную программу действий с агентствами ООН (2026–2030 гг.).

Всего в рамках РЭС планируется подписание 51 документа, в числе которых 13 меморандумов, 16 совместных заявлений, соглашений и деклараций, 16 региональных и страновых инициатив, а также 6 инвестиционных проектов.

Автор: Карина Куцанова

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева технологиялық өзгерістер мен саяси реформаларды жүзеге асыру жағдайында білім беру және кадрлар даярлау жүйесін трансформациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып берді

«Бүгінде еліміз ауқымды өзгерістерді бастан өткеруде. Әділетті Қазақстанды құру жолында жүзеге асып жатқан саяси реформалар халқымыздың әл-ауқатын арттыру бағытындағы міндеттерімізді еселей түсті.

Жаңа Конституция адами капиталды, білім мен ғылымды, инновацияны дамытудың стратегиялық бағытын айқындап, оны жаңа деңгейге көтерді.

Бұл бағыттар еліміздің алдағы даму жолындағы басымдықтармен тығыз байланысты. Олар Қазақстанның болашағына тікелей әсер етеді. Өңгіме ел дамуының бүкіл траекториясын өзгерту туралы. Яғни интеллект, білім мен технологиялар басты ресурсқа айналатын экономикаға көшу туралы болып отыр», – деп атап өтті Аида Балаева.

Министр технологияның әсерінен әлем тез өзгеріп жатқанын және білім беру жүйесі осы өзгерістерге сәйкес келуі керек екенін атап өтті.

«Бүгінде біз өзбек нарығына және экономиканың құрылымына тікелей әсер етіп отырған қарқынды технологиялық трансформациямен байланысты ауқымды сын-қатерлерге бетпе-бет келіп отырмыз. Сондықтан әлем біздің жүйелерімізден өлдеқайда жылдам өзгеріп жатқанын ашық мойындауымыз қажет.

Цифрландыру, жасанды интеллект, автоматтандыру және Биг Дата мүлде жаңа жағдайды қалыптастырып отыр. Мұндай жағдайда білім беру жүйесінің жаңа технологиялар мен заман талаптарына сай болуы – шешуші факторға айналады», – деді ол.

Экономиканың қажеттіліктерін анықтау үшін Үкімет кадрлық қамтамасыз ету мен білім беру бағдарламаларына ауқымды талдау жүргізді.

«Осы мақсатта Үкімет тарапынан кадрлық мәселелер бойынша 73 мыңнан астам отандық кәсіпорынды қамтыған ауқымды сауалнама жүргізілді. Соның негізінде білім беру бағдарламаларының жаңа талаптарға сәйкестігіне, оларды жаңғырту және заманауи даярлау бағыттарын енгізу қажеттілігіне көшенді талдау жасалды. Жүргізілген талдау нәтижесінде шұғыл шешуді талап ететін бірқатар жүйелі проблемалар анықталды.

Біріншіден, кадрлардың жасына байланысты мәселе белгілі болды.

Мамандардың негізгі үлесін 40-тан 59-ға дейінгі жас аралығындағы қызметкерлер құрайды. Кейбір өңірлерде, атап айтқанда Павлодар облысында, 50-ден 59-ға дейінгі жас санатындағы қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылғандардың шамамен 50%-ына дейін жетеді.

Бұл алдағы 7 жылдан 10 жылға дейінгі кезеңде экономиканың негізгі салаларында білікті мамандар тапшылығы туындау қаупі бар екенін көрсетеді», – деп атап өтті министр.

Сондай-ақ, өңірлердің қажеттіліктері мен мамандарды даярлау арасындағы теңгерімсіздік те анықталды.

«Екіншіден, кадр даярлау жүйесінде айқын сәйкессіздік қалыптасқан. Өңірлердегі нақты кадр қажеттілігі мен мамандарды даярлау бағыттары арасында елеулі алшақтық бар. Мәселен, Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы саласына 800 маман қажет болса, білім беру жүйесі бұл сұранысты толық қамтамасыз ете алмай отыр. Ал Қарағанды облысында 351 IT вакансияға 2500-ден астам студент дайындалып жатыр», – деді Аида Балаева.

t.me/KZgovernment/22779


«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS 2026 РЕЙТИНГТІК ЦИКЛІНДЕ

Лондон, 2026 жылғы 25 наурыз, сәрсенбі — QS Quacquarelli Symonds жоғары білім саласындағы халықаралық аналитикалық агенттігі QS World University Rankings by Subject жаңа шығарылымын жариялады.

Пәндік рейтингтер әлемнің 100 елі мен аумағындағы 1900 жоғары оқу орнында жүзеге асырылатын 21 000-нан астам білім беру бағдарламасына тәуелсіз салыстырмалы талдау ұсынады. Рейтинг 55 пәнді және бес кең пәндік бағытты қамтиды: «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Инженерлік ғылымдар және технологиялар», «Өмір туралы ғылымдар және медицина», «Жаратылыстану ғылымдары» және «Әлеуметтік ғылымдар және басқару».

University Rankings талдау нәтижелеріне сәйкес «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ «1201-1400» диапазонында орын алады, бұл өз кезегінде Университет рейтингте сараланған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 20% және қарастырылған барлық оқу орындарының 85%-ынан озып тұрғанын көрсетеді.

QS World University Rankings: Asia 2026 аймақтық рейтингі шеңберінде «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ Азия мемлекеттерінің университеттері арасында 326-шы позицияны сенімді түрде бекітіп, өз көрсеткіштерін сәтті жақсартты.



2026 жылы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті өткен рейтингтік циклмен салыстырғанда өз көрсеткіштерін 100 позицияға жақсартып, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Университет «QS World University Rankings by Subject | 2026: Linguistics» пәндік рейтингінде 201–250 диапазонында орналасты. Сонымен қатар, «QS World University Rankings by Subject | 2026: Modern Languages» рейтингінде өз позициясын сақтап, 251–300 диапазонында нығайтты.

Ағымдағы жылғы халықаралық рейтинг жоғары оқу орындарын халықаралық танымалдылық, ғылыми зерттеулердің дамуы, білім беру ортасының сапасы, интернационалдандыру және академиялық ұтқырлық көрсеткіштері бойынша кешенді бағалауды ұсынады. Бұл рейтинг ауқымы бойынша ең ірі болып табылады — оған 106 ел мен аумақтан 8467 жоғары оқу орны енгізілген.

Тұтастай алғанда, 2026 жылғы рейтингтік циклде QS World

Өңірлік рейтинг туралы айта келе, «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ QS World University Rankings, Asia 2026: Central Asia-да Орталық Азия елдерінің университеттері арасында 23-орынға ие болды және Орталық Азияның үздік 20 университетінің қатарына кіреді.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ

QS World University Rankings 2026 рейтингтік циклінде:
QS World University Rankings 2026 – «1201-1400»,
QS World University Rankings: Asia 2026 – «326»,
QS World University Rankings, Asia 2026: Central Asia – «23»,
QS World University Rankings by Subject | 2026: Linguistics – «201-250»,
QS World University Rankings by Subject | 2026: Modern Languages – «251-300».

Abai Khan University на II Форуме ректоров Казахстана и Азербайджана

В Алматы состоялся II Форум ректоров университетов Казахстана и Азербайджана. Масштабное событие прошло при участии Министра науки и высшего образования РК Саясата Нурбека и Министра науки и образования Азербайджана Эмина Амуллаева.

Главы ведомств подчеркнули особую значимость интеграции образовательных систем двух стран и расширения межвузовского диалога.

Активное участие в работе форума приняла и.о. Председателя Правления – Ректора Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана Кунанбаева Дана Ануварбековна.

Ключевым практическим итогом форума для нашего университета стало официальное закрепление сотрудничества с ведущими вузами Азербайджана. В присутствии глав министерств были подписаны меморандумы о партнерстве между Abai Khan University, Baku State University и Sumgait State University. Данные соглашения открывают новые перспективы для стратегического развития вуза по следующим направлениям:

- академическая мобильность - расширение программ обмена для студентов и профессорско-преподавательского состава;



- образовательные инновации - совместная работа над совершенствованием академических программ;

- научная интеграция - реализация совместных исследовательских проектов и обмен передовым опытом;

- профессиональная подготовка – подготовка высококвалифицированных кадров, конкурентоспособных на международном рынке труда.

Подписание меморандумов в рамках столь значимой межгосударственной площадки подтверждает высокий международный статус Abai Khan University и приверженность университета курсу на глобальное образовательное партнерство.

www.ablaikhan.kz

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ • ВЫПУСКНИКИ 1980-2000 ГОДОВ

Университет тұлғалары — бұл тек оның дәрісханаларында тәлім берген оқытушылар ғана емес, сонымен бірге осы қабырғадан білім алып, үлкен өмірге қадам басқан тұлғалар. Біз айдар жұмысын тағдырлары Абылай хан атындағы қара шаңырақтың даңқымен ұштасқан әр жылдардағы тұлғаларымыздың еибратты оқиғаларымен жалғастырамыз.

Лица университета — это не только те, кто преподавал в его аудиториях, но и те, кто вышел из этих стен в большой мир. Мы продолжаем нашу рубрику историями тех, в чьи судьбах отразилась слава Абылай хана - нашими выпускниками разных лет.



Еркин Кадырбекович Ахинжанов — опытный казахстанский дипломат, посвятивший международной службе более тридцати лет. Он родился 28 сентября 1968 года в Алматы. Профессиональный путь будущего посла начался с получения лингвистического образования: в 1992 году он окончил Алма-Атинский педагогический институт иностранных языков, в совершенстве владея казахским, русским и

английским языками.

Трудовую деятельность Еркин Кадырбекович начал в качестве преподавателя английского языка в Казахском государственном экономическом университете, однако уже в 1993 году перешел на службу в Министерство иностранных дел РК. В течение десяти лет он занимал различные должности в центральном аппарате и зарубежных представительствах, формируя фундамент своей дипломатической карьеры.

Значимым этапом в его биографии стала работа в ключевых международных организациях. С 2009 по 2011 годы он занимал пост заместителя Постоянного представителя Казахстана при ОБСЕ в Вене. Вернувшись в столицу, в течение двух лет он возглавлял Департамент Европы МИД РК, после чего был направлен в Вашингтон в качестве советника-посланника Посольства РК в США. В 2017 году его профессиональный вектор сместился в сторону глобальной политики — он стал заместителем Постоянного представителя Казахстана при ООН в Нью-Йорке.

Первое назначение на должность Чрезвычайного и Полномочного Посла состоялось в 2019 году, когда Еркин Ахинжанов возглавил дипломатическую миссию Казахстана в Королевстве Норвегия. С января 2023 года он представляет интересы страны в Южно-Африканской Республике, а с осени 2024 года сфера его ответственности расширилась: он был назначен послом в Танзании и Мозамбике по совместительству.

Имея дипломатический ранг Чрезвычайного и Полномочного Посланника I класса, Еркин Ахинжанов сегодня активно развивает африканское направление внешней политики Казахстана. Под его руководством акцент делается на укреплении торгово-экономических связей и привлечении инвестиций, в том числе через активное взаимодействие с такими институтами, как МФЦА (AIFC) и Kazakh Invest.

За многолетнюю безупречную службу и значительный вклад во внешнюю политику Республики Казахстан Еркин Кадырбекович был удостоен ряда государственных и ведомственных наград. В их числе: орден «Курмет», медаль «Ерен еңбегі үшін», а также юбилейные медали, приуроченные к значимым датам в истории независимости страны и становления казахстанской дипломатической службы. Эти награды подчеркивают его статус как одного из ведущих специалистов Министерства иностранных дел.

Сатыбалды Ересович Буршаков — кадровый казахстанский дипломат, обладающий многолетним опытом работы в центральном аппарате МИД, Администрации Президента и международных организациях. Он родился 12 августа 1968 года в Алматинской области. Свой профессиональный путь Сатыбалды Ересович начал с качественного лингвистического образования, окончив в 1992 году Алма-Атинский педагогический институт иностранных языков по специальности «учитель английского языка». В дальнейшем он систематически повышал квалификацию, пройдя стажировки в



авторитетных Дипломатических академиях Пакистана (Исламабад) и Нидерландов (Клингендаль). Дипломат в совершенстве владеет казахским, русским и английским языками.

Его карьера в системе Министерства иностранных дел Республики Казахстан началась в 1993 году. В течение первых трех лет он прошел путь от референта до третьего секретаря МИД, после чего был направлен в зарубежную командировку в Посольство Казахстана в Венгрии, где проработал до 2000 года. В последующее десятилетие Сатыбалды Буршаков занимал ответственные посты как внутри страны, так и за рубежом: работал первым секретарем МИД РК, советником Посольства в Королевстве Бельгия, а с 2007 по 2012 годы возглавлял Отдел межпарламентских связей и международного сотрудничества Сената Парламента РК.

Значимым этапом в его биографии стала работа на международной арене: с 2012 по 2017 годы он занимал пост заместителя Постоянного представителя Казахстана при ЮНЕСКО в Париже. Этот период был отмечен масштабным продвижением казахстанского культурного наследия. При его непосредственном участии в Репрезентативный список ЮНЕСКО были включены традиционные знания по изготовлению казахской юрты, искусство исполнения кюя на домбре и айтыс. Также была проведена важная работа по включению в список Всемирного наследия трансграничного объекта «Шелковый путь» совместно с Китаем и Кыргызстаном.

По возвращении в Казахстан в 2018 году он был назначен заместителем заведующего Центром внешней политики Администрации Президента РК, где курировал стратегические вопросы внешнеполитического курса страны. В 2019 году Сатыбалды Ересович перешел на высшие дипломатические должности, возглавив Посольство Казахстана в Государстве Израиль, а с 2020 года — дополнительно в Республике Кипр по совместительству. С марта 2024 года он является Чрезвычайным и Полномочным Послом РК в Республике Северная Македония.

За многолетнюю службу Сатыбалды Буршаков, имеющий дипломатический ранг Чрезвычайного и Полномочного Посланника II класса, был удостоен ряда высоких наград. Среди них: государственная медаль «Ерен еңбегі үшін», юбилейные медали к 20-летию и 25-летию Независимости Казахстана, а также ведомственные знаки отличия за 25 и 30 лет дипломатической службы. Признанием его профессионализма на международном уровне стало вручение престижной премии «Surgus Diplomat of the Year Award» в 2021 году. Сегодня под его руководством в Северной Македонии активно укрепляется политический диалог и расширяется договорно-правовая база между нашими странами.

Болат Турарович Нусупов — кадровый казахстанский дипломат, чей профессиональный путь неразрывно связан с Министерством иностранных дел Республики Казахстан. Он родился 24 февраля 1971 года в Алматы. Болат Турарович обладает фундаментальным образованием: в 1993 году он окончил Казахский государственный университет мировых языков по специальности «немецкий язык», а в 2005 году получил вторую специальность «экономист» в Казахском национальном университете имени аль-Фараби. Дипломат является признанным полиглотом: он в совершенстве владеет казахским, русским, немецким, английским и португальским языками.

Карьера Болат Нусупова началась в 1994 году с должности референта в центральном аппарате МИД РК. За годы службы он прошел все ступени дипломатической иерархии, специализируясь на европейском и латиноамериканском направлениях, а также на вопросах внешнеэкономической политики. Значительная часть его зарубежной деятельности была связана с работой в Посольстве Казахстана в Австрии (1995–2002) и в Посольстве Казахстана в Германии, где он работал в разные периоды (2005–2010 и 2012–2014).

В 2014 году Болат Турарович был назначен на высокую должность Чрезвычайного и Полномочного Посла РК в Федеративной Республике Германия, которую занимал до 2019 года. После возвращения в Казахстан он возглавлял ключевые подразделения министерства: Департамент внешнеэкономической политики, а позже — Департамент России, Кавказа и европейских стран СНГ.

С февраля 2021 года Болат Нусупов возглавляет дипломатическую миссию Казахстана в Федеративной Республике Бразилия, представляя также интересы страны в Аргентине и Чили по совместительству. На этом посту он уделяет приоритетное внимание экономической дипломатии. Под его руководством были организованы масштабные бизнес-форумы в Сан-Паулу и Рио-де-Жанейро, направленные на



привлечение бразильских инвестиций в агропромышленный комплекс и горнорудную отрасль Казахстана. Важным достижением стала активизация сотрудничества в сфере высоких технологий и космоса, включая встречи с руководством космического агентства Бразилии. Дипломат также инициировал создание Форума дружбы «Казахстан–Бразилия», ставшего платформой для культурного сближения двух стран.

За выдающиеся заслуги во внешней политике Болат Нусупов, имеющий ранг Чрезвычайного и Полномочного Посланника I класса, удостоен высоких государственных и ведомственных наград Республики Казахстан. В их числе: орден «Курмет» за значительный вклад в развитие международного сотрудничества, медаль «Ерен еңбегі үшін», юбилейные медали, посвященные 20-летию и 25-летию Независимости Республики Казахстан, а также памятный знак к 30-летию дипломатической службы страны».

Жан Сержанұлы Ғалиев — Қазақстанның сыртқы саясатының еуропалық бағыты мен көпжақты дипломатияның дамуына елеулі үлес қосқан жоғары буындағы кәсіби қазақстандық дипломат. Ол 1972 жылы 22 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген.



Жан Сержанұлының кәсіби негізі Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінде қаланды, ол бұл оқу орнын 1994 жылы «француз тілі мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Өз біліктілігін Францияның жетекші оқу орындарында — Франция СІМ Дипломатиялық академиясында (ІАР), Париждегі Халықаралық мемлекеттік басқару институтында және Страсбург университетінде оқып, айтарлықтай шыңдады. Дипломат қазақ, орыс, француз және ағылшын тілдерін жетік меңгерген.

Жан Сержанұлы Ғалиев кәсіби қызметін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінде тіл маманы-сарапшы, кейіннен директордың көмекшісі болып бастады.

1999 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде дипломатиялық қызметке орналасып, Екіжақты ынтымақтастық департаментінің референті, үшінші және екінші хатшысы лауазымдарын атқарды. 2001–2005 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Франция Республикасындағы (Париж қ.) Елшілігінде қызмет етті.

Кейінгі жылдары ол Қазақстан СІМ орталық аппаратында басшылық лауазымдарды атқарып, Батыс Еуропа елдері бөлімін, содан кейін Еуропа және Америка департаментінің Еуропа басқармасын басқарды.

2007–2010 жылдары Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі, Люксембург Ұлы Герцогтігіндегі Елшілігінің, сондай-ақ Брюссельдегі Еуропалық Одақ пен НАТО жанындағы өкілдігінің кеңесшісі және кеңесші-уәкілі болып жұмыс істеді. 2010 жылдан 2016 жылға дейін Қазақстан Республикасының Франция Республикасындағы және Монако Кінәздігіндегі Елшілігінің кеңесші-уәкілі қызметін атқарды.

2017 жылы экономикалық дипломатия мәселелері жөніндегі Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елші болып тағайындалып, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Алқа құрамына кірді.

2017 жылғы 31 қазанда Жан Сержанұлы Ғалиев Қазақстан Республикасының Франция Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалып, онда 2022 жылдың шілдесіне дейін қызмет етті. 2018 жылдың сәуірі мен 2019 жылдың қыркүйегі аралығында ол бір мезгілде Қазақстан Республикасының Португалия Республикасындағы және Монако Кінәздігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, сондай-ақ ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі қызметтерін қоса атқарды.

2022 жылғы қыркүйектен 2025 жылғы 5 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы лауазымын атқарды.

2025 жылғы 5 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Португалия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып табылады. 2025 жылғы 11 қарашадан бастап ол сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конго Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне қоса тағайындалды.

Жан Сержанұлы Ғалиевтің бірінші сыныпты Кеңесші (2015 жыл) және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл (2019 жыл) дипломатиялық шендері бар.

Дипломатиялық қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Құрмет грамоталарымен (2007, 2013, 2016 жылдар), Қазақстан Республикасы Сыртқы

істер министрінің Алғысымен (2014 жыл), сондай-ақ «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіне 15 жыл», «20 жыл» және «25 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

Дипломатиялық қызмет жылдарында Жан Сержанұлы Ғалиев Қазақстанның Еуропа мемлекеттерімен саяси диалогын нығайтуға және экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге, Еуропалық Одақ институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды дамытуға елеулі үлес қосты. Оның қызметі Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуге, елдің халықаралық беделін нығайтуға және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге ықпал етті. Ол өз жұмысында көпжақты дипломатияны, жария дипломатияны дамытуға және халықаралық аренада Қазақстанның оң имиджін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Дәурен Айтбайұлы Кәріпов — кәсіби қазақстандық дипломат, оның кәсіби өмірбаяны Қазақстанның сыртқы саясатының еуропалық бағытын дамытумен және еліміздің консулдық қызметінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Ол 1969 жылы 2 шілдеде Алматы облысында дүниеге келген. 1994 жылы Дәурен Айтбайұлы Алматы педагогикалық шет тілдер институтын бітіріп, «неміс және ағылшын тілдерінің мұғалімі» мамандығын алды. Дипломат қазақ, орыс, неміс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген.



Оның еңбек жолы ҚР Көлік және коммуникация министрлігінде басталды, бірақ 1995 жылдың өзінде-ақ Сыртқы істер министрлігіне қызметке ауысты. Консулдық қызмет департаментінде референт және атташе лауазымдарынан бастаған Дәурен Кәріпов шетелдегі азаматтардың құқықтарын қорғау және визалық саясат мәселелерінде терең сараптамалық білім қалыптастырды.

Оның мансабының едәуір бөлігі Германиямен тығыз байланысты. Онда ол әр жылдары Берлиндегі Елшілікте және Майндағы Франкфурт қаласындағы Бас консулдықта үшінші хатшыдан бастап Бас консулға дейінгі қызмет жолынан өтті.

Дипломаттың қызметтік тізімінде Швейцария Конфедерациясындағы жауапты жұмысы да бар, онда ол 2008 жылдан 2012 жылға дейін Елшіліктің кеңесшісі лауазымын атқарды. 2019 жылы Дәурен Айтбайұлы Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды. Осы лауазымда ол елдер арасындағы экономикалық және технологиялық серіктестікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосты.

2023 жылдан бастап Дәурен Кәріпов Қазақстанның Латвия Республикасындағы дипломатиялық миссиясын басқарады. I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық шеніне ие бола отырып, ол көлік және транзит саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты дамытуға басымдық береді. Оның басшылығымен Қазақстанның көлік-логистикалық қуаттарын Балтық теңізінің порттарымен интеграциялау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бұл бағыт сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтудегі және Қазақстанның Азия мен Еуропа арасындағы транзиттік ағындардағы сенімді көпір ретіндегі рөлін нығайтудағы түйінді буын болып табылады. Сондай-ақ Елшінің күн тәртібінде білім беру және цифрландыру саласындағы жобалар маңызды орын алады.

Дипломаттың қызметтік тізімінде Швейцария Конфедерациясындағы жауапты жұмысы да бар, онда ол 2008 жылдан 2012 жылға дейін Елшіліктің кеңесшісі лауазымын атқарды. 2019 жылы Дәурен Айтбайұлы Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды. Осы лауазымда ол елдер арасындағы экономикалық және технологиялық серіктестікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосты.

2023 жылдан бастап Дәурен Кәріпов Қазақстанның Латвия Республикасындағы дипломатиялық миссиясын басқарады. I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық шеніне ие бола отырып, ол көлік және транзит саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты дамытуға басымдық береді. Оның басшылығымен Қазақстанның көлік-логистикалық қуаттарын Балтық теңізінің порттарымен интеграциялау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бұл бағыт сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтудегі және Қазақстанның Азия мен Еуропа арасындағы транзиттік ағындардағы сенімді көпір ретіндегі рөлін нығайтудағы түйінді буын болып табылады. Сондай-ақ Елшінің күн тәртібінде білім беру және цифрландыру саласындағы жобалар маңызды орын алады.

Көпжылдық мінсіз қызметі үшін Дәурен Айтбайұлы Қазақстан Республикасының бірқатар мемлекеттік және ведомстволық наградаларымен марапатталған. Олардың қатарында «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі, сондай-ақ оның еліміздің сыртқы саяси бағытын іске асыруға қосқан жоғары үлесін растайтын мерейтойлық және естелік медальдары бар.

Ғалым Ә.Қ. Ахметтің тағылымды өмірі мен ғылыми еңбектеріндегі түркілік мәдениет

2026 жылдың 13 сәуір күні Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі **Әділ Құрманжанұлы Ахметтің** 85 жылдық мерейтойына арналған «Түркология: даму кезеңдері және болашағы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияның ашылу салтанатында алғы сөзді Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Басқарма Төрағасы - Ректордың міндетін атқарушы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Құнанбаева Дана Ануарбекқызы бастап, Әділ Құрманжанұлы Ахметтің 85 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, осы университетте ректор болғанда университетке сіңірген еңбегін айрықша атап өтті. Ахмет Байтұрсынов атындағы орденімен марапаттап, Әділ Құрманжанұлы мен жолдасы Дариға Қазыбекқызына шапандарын жауып, сыйлықтар мен гүл шоқтарын берді. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің шет тілдері педагогикалық факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Айбарша Ислам «Ғалым Әділ Құрманжанұлы Ахметтің тағылымды өмір жолы және заманауи түркітану ғылымына қосқан үлесі» атты баяндама жасады. Баяндамада профессор Айбарша Ислам Әділ Ахметтің өмір жолына, «Alma materі» болған Алматы шетел тілдері институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің) ағылшын тілі факультетін бітіргенін және институтта қалып 1963-1997 жылдар аралығында осы институтта ағылшын тілінің оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, профессоры, ағылшын тілі факультетінің деканы, институттың оқу істері жөніндегі проректоры және ректоры қызметтерін айбырмен атқарғаны жайлы, ұстаздықты ғылыммен ұштастырып, «Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер» деген тақырып бойынша 1973 жылы кандидаттық, «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деген тақырып бойынша 1995 жылы докторлық диссертациялар қорғап, профессор дәрежесіне де ие болғандығы туралы баяндады.

Әділ Құрманжанұлы ұйымдастырушылық қабілетімен танылып, кейін әртүрлі мемлекеттік қызметтерде де басшылық жұмыстар атқарғандығын, 1990-1992 жылдары Алматы қалалық атқару комитетінің сыртқы байланыстар бөлімінің жетекші маманы әрі Алматы қаласының өзімен бауырлас АҚШ-тың Тусон (Аризона штаты) қаласындағы өкілі, 1992 жылы Алматы шетел тілдері педагогикалық институтының ректоры қызметіне тағайындалып, сол институттың 1993 жылы Үкіметтің қаулысымен Қазақ мемлекеттік әлем тілдері және халықаралық қатынастар университеті болып қайта құрылуына бастамашы болып, осы жоғарғы оқу орнында 1997 жылға дейін ректорлық қызметте, 1997-1999 жылдары ҚР Білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Білім комитетінің төрағасы қызметінде, 1999 жылдың ақпан айында Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің ректоры болып қайта тағайындалғандығы, 1999 жылдың қазан айында Президент жарлығымен ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші вице-министрі болғандығы, 2000-2001 жылдары ҚР-ның Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі әрі ҚР-ның Ирландия Республикасы мен Норвегия Корольдігіндегі Өкілетті Елшісі қызметтерін атқарғандығы, 2002-2007 жылдары Президент жарлығымен құрылған Қазақстан-Британ техникалық университетінің (ҚБТУ-дың) тұңғыш ректоры болғандығы, 2004-2007 жылдары ҚБТУ-дың Халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры қызметінде болғандығы және 2007 жылы Президент жарлығымен ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалып әрі Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы бола жүріп, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламент Ассамблеясының депутаты әрі сол халықаралық ұйымның іс басындағы төрағасының мұсылмандарды кемсіту және шеттетумен күрес жөніндегі жеке уәкілі, сол сияқты Тәуелсіз мемлекеттер Паламент Ассамблеясының депутаты қызметтерін де қоса атқарғандығы, 2013-2017 жылдар аралығында Еуразия Ұлттық Университетінің, Қазақстан Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының және Халықаралық түркі академиясының профессоры қызметтерін атқарғандығы туралы және Ә. Ахметтің заманауи түркітану ғылымына қосқан зор үлесі жайлы ерекше атап өтті.

Аталған шараға ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы, «Тұран» білім беру корпорациясының президенті, Тұран университетінің ректоры, з.ғ.д., профессор Алшанов Рахман Алшанұлы, ф.м.ғ.к., профессор, Қазақстан-Британ университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Ғабдуллин Маратбек Төлебергенұлы, ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері, ақын-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Оразалин Нұрлан Мырқасымұлы, ф.м.ғ.д., профессор, ҚРҰҒА академигі Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы, ф.ғ.к., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Фазылжанова Анар Мұратқызы, ф.ғ.д., профессор Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының

Бас директоры Дүкен Мәсімханұлы, ф.м.ғ.д., профессор, Ақпараттық және есептеу технологиялары институтының директоры Бектемісов Мақтағали Әбдімәжитұлы, ф.м.ғ.д., профессор Сақабеков Әужан Сақабекұлы, ф.м.ғ.д., профессор Әмірғалиева Салтанат Нұрділқызы, т.ғ.к., профессор Әлімбаев Әлімбаевұлы, доктор (PhD), ғалым-зерттеуші, композитор, пианист, ҚР-ның «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рахат-Би Абдысагин Төлегенұлы, «MIAMI SOLAR» ЖШС негізін қалаушы Қалмұраев Серік Жамбылұлы және курстары Аяпова Танат Тәңірбердіқызы, Икрамова Раушан Ташболатовна, Сыздыкова Ғайша Насыровна, Аканбаева Саулеш Шахиевналар қатысып, құттықтау тілектерін білдірді.

Конференцияда белгілі ғалымдар баяндамалар жасап, түркология ғылымының өзекті мәселелерін талқылады, ой-пікірлерімен бөлісті. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, ф.ғ.д. Махпиров Валерий Уйгурович «Константы тюркской культуры», А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, профессор, ф.ғ.д. Манкеева Жамал Айтқалиқызы «Базистік феномен ретіндегі мифтік танымның тілдегі көріністері», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы «Ә.Ахмет: түркілер танымдағы табу мен эвфемизмдер», ҚРҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор Құрманбайұлы Шерубай «Түріктердің тегі мен түрік тілдерінің түбін іздеген ғалым» атты баяндамаларын ортаға салды. Ғалымның ғылыми еңбектері, түркілер танымдағы табу мен эвфемизмдер, мифтік танымның тілдегі көріністері, түрік мәдениетіндегі константар, түріктердің тегі мен түрік тілдерінің түбін іздеген ғалым екендігі жайлы айтылды. Сонымен қатар, оның шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі мен ғылыми мектеп қалыптастырудағы рөлі де кеңінен сөз болды.



Конференция Әділ Құрманжанұлы Ахметтің авторлық дәрісімен жалғасын тапты. Әділ Құрманжанұлы «Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер»; «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер»; «Азия – Берингия – Америка немесе америкалық үндістердің азиялық тегі» (қазақ, орыс тілдерінде); «Тәңіртау түлегі»; «Байырғы америкалықтардың алтайлық тегі»; «Түбі түркі өркениеті»; «Бесінші өркениет қарсаңында» (қазақ, орыс, поляк тілдерінде); «Жаһанды жалғаған терең тамырлар»; «Ғалым, саясаткер және дипломат жазбалары»; «Колумб дәуірінен бұрынғы америкалық үндістердің» алтайлық тегі» (қазақ, орыс, түрік тілдерінде); «Ғасыр ғибраты»; «Уроки столетия»; «Викиндердің ізімен»; «Түркі әлемінің ырым-тайымдары»; «Жаһанданған әлемнің геосаяси келбеті» атты ғылыми еңбектеріне тоқталып өтті. Үстіміздегі жылы «Фолиант» баспасынан Ә.Қ.Ахметтің 85 жылдық мерейтойына орай, «Колумб дәуірінен бұрынғы америкалық үндістердің» алтайлық тегі», «Викиндердің ізімен» және «Алтайские корни Американских индейцев доколумбовой эпохи» атты ғылыми туындылармен таныстырып, 15 кітабын университетіміздің кітапхана қорына сыйға тартты.

Аталған конференция ғылыми қауымдастық арасындағы байланысты нығайтып, оқытушыларға, жас ғалымдарға, білімгерлерге ғылыми және тәрбиелік жағынан берері мол, жоғарғы деңгейде өткен тағылым болды.

Аққожина Б.Қ., Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., қауым профессор

ҰСТАЗ СӨЗІ – ҰРПАҚҚА МҰРА



Білім мен ғылым саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, болашақ ұстаздарды тәрбиелеуге зор үлес қосып жүрген тұлғалардың бірі – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Сейсенбек Шоқпарбайұлы Абенбаев. Оның өмір жолы – ұстаздыққа деген адалдықтың, ғылымға деген табандылықтың және шәкірт тәрбиесіне деген үлкен жауапкершіліктің айқын үлгісі. Осындай ұстаздардың еңбегі қоғам үшін аса құнды, өйткені олар тек білім беріп қана қоймай, болашақ ұрпақтың қалыптасуына ықпал етеді.

Университетіміздің «Тіл әлемі» газетіне берген сұхбатында ғалым 1980–1983 жылдары педагогика және психология кафедрасында аспирантурада білім алып, ғылыми зерттеулермен айналысқанын атап өтті. Ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 1991 жылы педагогика тарихы мен теориясы бағытында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Осы кезеңнен бастап ол педагогика саласында ғылыми және педагогикалық қызметті қатар алып жүріп, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауға үлкен үлес қосып келеді.

Сұхбат барысында профессор Абенбаев университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне де белсенді араласқан. Ол факультет пен университеттің ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде түрлі ғылыми жобалар мен ұйымдастырушылық жұмыстарға қатысып, білім беру сапасын арттыруға атсалысты. Сонымен қатар университеттің кәсіподақ комитетін басқару арқылы ұжымның бірлігін нығайтып, оқытушылар мен қызметкерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуге де үлес қосты. Қазіргі уақытта профессор Сейсенбек Шоқпарбайұлы студенттерге «Педагогика» және «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндерінен дәріс оқиды. Оның дәрістері мазмұнды әрі қызықты етіп, заманауи педагогикалық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдануымен ерекшеленеді. Ұстаз әрбір студентке тек теориялық білім беріп қана қоймай, олардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға және кәсіби жауапкершілігін арттыруға ерекше көңіл бөледі.

Профессор студенттерге әрдайым білімнің маңызын түсіндіріп отыратынын айтты. Оның айтуынша, адам өмірінде ең басты нәрсе

– білім. «Білімсіз ешкім дамымайды» деген сөз бекер айтылмаған. Сондықтан ол жастарға үнемі «оқы, оқы және оқы» - деп кеңес беремін дейді. Университетке келген әрбір студент осы жолды саналы түрде таңдағандықтан, өз мамандығын терең меңгеруі керек. Ұстаз үшін ең үлкен қуаныш – шәкіртінің жетістігі. Профессордың айтуынша, ұстаздың бақыты – шәкіртінің үлкен табысқа жетіп, тіпті ұстазынан да озып кетуі. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің түрлі білім беру мекемелерінде табысты қызмет атқарып жүр. Олардың арасында мектеп директорлары, оқу ісінің меңгерушілері және тәжірибелі мұғалімдер бар. Мұндай жетістіктер ұстаз еңбегінің нәтижесін көрсетеді.

Профессор Абенбаевтың айтуынша, кез келген жетістіктің негізінде қызығушылық пен еңбек жатыр. Егер адам өз ісіне қызығушылықпен қараса, ол шаршамай еңбек етеді және әрқашан жақсы нәтижеге ұмтылады. Сонымен қатар кез келген жұмыста жауапкершілік болуы керек. Жауапкершілік – адамның кәсіби және тұлғалық дамуына әсер ететін маңызды қасиет.

Ұстаздың өмірлік ұстанымы да осы құндылықтармен байланысты. Оның пікірінше, ең бірінші орында жауапкершілік тұруы тиіс. Екінші қағида – өтірік айтпау, яғни шындықты сақтау. Үшінші қағида – адалдық. Адам өз ісіне де, айналасындағы адамдарға да, отбасына да адал болуы керек. Үйінде жарына, балаларына адал болу – әр адамның басты міндеттерінің бірі.

Осындай өмірлік қағидаларды ұстанып келе жатқан профессор Сейсенбек Шоқпарбайұлының еңбегі – жас ұрпаққа үлгі. Оның ұстаздық жолы білім мен тәрбиенің маңызын дәлелдейді. Көп жылғы тәжірибесі мен еңбегі арқылы ол мыңдаған студентке бағыт-бағдар беріп, олардың өмір жолына оқ әсерін тигізді.

Сұхбат соңында профессор жастарға ақыл-кеңесін білдіріп, өмірлік бағдар болар ойларын жеткізді. Ол жас ұрпақты уақытты қадірлеуге, білімге ұмтылуға, еңбектен қашпауға және адамдық қасиетті әрдайым жоғары ұстауға шақырды. Үлкеннің сөзін тыңдап, дұрыс жолдан таймай, елге пайдалы азамат болу – әр жастың парызы екенін атап өтті.

Көп жылғы жемісті еңбегі үшін Сейсенбек Шоқпарбайұлы университет тарапынан түрлі марапаттарға ие болған. Әріптестері мен студенттері арасында ол кәсіби шеберлігімен, адамгершілігімен және шәкірттеріне деген қамқорлығымен ерекше құрметке ие. Ұстаздық жолды өмірінің басты мақсатына айналдырған профессор Абенбаевтың еңбегі – болашақ ұрпақтың білімді, мәдениетті әрі жауапты азамат болып қалыптасуына қосылған үлкен үлес. Білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан мұндай ұстаздар – қоғамның нағыз рухани тірегі.

Аймарал Бауыржанқызы, Қарлығаш Өмірзақ, ББ «Журналистика», 1 курс студенттері

Призвание длиною в жизнь: о 85-летию КазУМОиМЯ Интервью с доктором филологических наук, профессором Багилей Абильмажиновной Ахатовой

1. Что для вас значит 85-летие КазУМОиМЯ? Какие чувства вызывает эта дата?

Для меня эта дата — не просто юбилей университета. Это значительная часть моей жизни. С 1995 года моя судьба связана с КазУМОиМЯ, и за это время я прошла вместе с университетом разные этапы — от преподавателя до проректора.

Когда я думаю об этом, у меня возникает не столько ощущение торжественности, сколько чувство глубокой благодарности — за людей, за опыт, за возможность расти вместе с университетом.

Я помню время, когда формировался новый имидж вуза, открывались новые специальности, когда мы вместе создавали что-то новое. Это было живое, очень энергичное время. Поэтому для меня 85 лет — это не просто история университета, это часть моей собственной жизни.

2. Как вы помните свои первые годы в университете? Каким он был тогда?

Я пришла в университет после защиты кандидатской диссертации, в середине 90-х. Это было время перемен — всё вокруг менялось, и сам университет находился в поиске своего нового лица.

Мне запомнилось ощущение живого

движения. Открывались новые направления, появлялись идеи, многое делалось впервые, иногда без готовых решений, но с большим внутренним азартом.

Особенно важно было ощущение, что ты участвуешь в чём-то значимом. Атмосфера была творческая, открытая, с ощущением возможностей. Сейчас я понимаю, что это время во многом определило мой профессиональный путь.

3. Как университет повлиял на ваше профессиональное становление и рост?

Не только как преподаватель и ученый, но и в административной работе, создании новых направлений.

Научная работа дала глубину и умение видеть шире. Административная деятельность научила принимать решения, брать ответственность и видеть университет как целостную систему.

Но самое важное — это среда. Люди, с которыми можно расти, спорить, создавать новое. Университет не просто повлиял на мой рост, он во многом его сформировал.

4. Вам довелось работать с первыми руководителями вуза. Каким был этот опыт для вас?

Мне действительно повезло работать с руководителями, которые стояли у формирования университета в его современном виде.

Особое место занимает работа под руководством ректора, академика Салимы Сагиевны Кунанбаевой. Это человек с масштабным видением и сильной внутренней энергией, задающей тон развитию университета.

Для меня это была настоящая школа. Я наблюдала, как принимаются решения,



как поддерживаются инициативы, как выстраиваются отношения с людьми.

Рядом с ней я росла быстрее, потому что задавался высокий уровень — и в науке, и в управлении, и в человеческих отношениях. И это тот опыт, за который я искренне благодарна.

5. Были ли решения, которые давались особенно трудно, но стали важными для вуза? Да, такие решения были, и чаще всего они связаны с людьми.

Я помню момент, когда, будучи заведующей кафедрой, мне пришлось отказаться от устаревшего курса. Это было непросто, потому что за этим стоял уважаемый преподаватель.

Я долго не решалась, но тогда вспомнила слова Салимы Сагиевны: руководителю важно уметь говорить «нет», когда этого требуют обстоятельства.

Когда я спокойно объяснила ситуацию, пришло ощущение не тяжести, а внутренней ясности. Именно такие моменты учат брать ответственность за изменения.

6. Кто сыграл ключевую роль в выборе вашей профессии: семья, наставники или жизненные обстоятельства?

Это было сочетание семьи, наставников и той среды, в которой я выросла.

Я родилась и выросла в Алма-Ате, в культурной среде, где ценились язык, книги, образование. Это формирует отношение к миру с детства.

Большую роль сыграла моя учительница русского языка и литературы Мальвина Платоновна Ахимова — именно она привила любовь к слову и тексту.

А дальше это стало осознанным выбором — идти в филологию и развиваться в науке и преподавании.

7. Были ли в вашей жизни люди, которые вдохновили вас остаться в науке и преподавании?

Да, и мне в этом смысле очень повезло.

После защиты кандидатской я не была уверена, что хочу продолжать научную карьеру. Но рядом оказались люди, которые помогли мне увидеть свой путь.

Элеонора Дюсеновна Сулейменова, Рашида Садыровна Зуева и Мария Борисовна Заславская по-разному, но очень точно повлияли на моё решение продолжать научную деятельность.

Большую роль сыграл и мой научный руководитель Берик Магисович Жилкибаев — это была серьёзная школа внутренней ответственности.

А уже в работе в университете важнейшее влияние оказала Салима Сагиевна Кунанбаева, задавая направление — практико-ориентированность, системность, открытость к новому.

И именно благодаря таким людям появляется желание не просто работать, а оставаться в этом пути.

8. Что для вас самое ценное в работе со студентами?

Самое ценное — это живая обратная связь. Бывает, заходишь в аудиторию уставшей, но в процессе общения появляется энергия. Начинается диалог, появляются вопросы — и ты сам меняешься.

Важно не просто передать знания, а быть полезной — поддержать, направить, помочь человеку увидеть больше.

Особая радость — видеть, как студенты находят свой путь. Например, мои бывшие докторанты сегодня возглавляют кафедры, продолжают научную работу.

И, наверное, самое важное, когда бывшие студенты возвращаются уже как коллеги.

9. Что вас больше всего радует в современных студентах?

Меня радует их открытость и гибкость мышления. Они быстрее ориентируются в меняющемся мире, не боятся задавать вопросы, искать свои ответы.

10. Что бы вы хотели пожелать КазУМОиМЯ в его 85-летний юбилей?

Я бы хотела пожелать университету сохранить свою атмосферу — сочетание традиций и стремления к развитию.

Сохранять сильную научную школу, поддерживать инициативы, оставаться открытым к новому.

И продолжать воспитывать людей, которые умеют мыслить, чувствовать и быть в диалоге с миром. Потому что именно такие люди формируют будущее.

Спартакқызы Куралай,
Багитова Нурдана,
2 курс, ОП «Журналистика»

Кайрат Махамбетович Кучуков: между образованием, ответственностью и реальностью улиц



Кайрат Махамбетович Кучуков — преподаватель кафедры международного права, бывший полковник полиции с более чем 30-летним опытом службы. Сегодня он работает со студенческой молодежью, стремясь сочетать обучение с воспитанием и формированием чувства ответственности. Профессор считает, что образование — это не только лекции и экзамены, но и умение делать осознанный выбор, понимать последствия своих поступков и сохранять этические нормы, несмотря на давление со стороны окружающих и внешние соблазны.

«Не книжные закладки»: кино как зеркало реальности

— Кайрат Махамбетович, недавно мы посмотрели короткометражный фильм «Не книжные закладки». Какие впечатления у вас остались?

— Фильм очень точный, — отвечает он. — Он показывает, как легко подростки могут оказаться вовлечены в преступную среду, иногда даже не осознавая этого. На первый взгляд, Алматы кажется спокойным городом, но криминогенные риски существуют везде. Особенно тревожит рост правонарушений среди несовершеннолетних — от мелких вымогательств до участия в наркоторговле.

Профессор отмечает, что многие такие случаи остаются вне официальной статистики, но это не делает их менее опасными. «Важно, чтобы молодежь понимала последствия своих действий», — подчеркивает он.

Молодежь и университет

— А как обстоят дела внутри университета?

— Изменения есть, и они заметны, — говорит Кучуков. — Раньше молодежь была более дисциплинированной. Сейчас нередко встречаются курение в неположенных местах, использование нецензурной лексики, демонстрация «статуса» через грубое поведение.

Это вызывает обеспокоенность и формирует не самое благоприятное впечатление о студентах. Подобное поведение он связывает с ослаблением самоконтроля и снижением уровня воспитания.

«Студенты позволяют себе то, что раньше считалось недопустимым», — добавляет он, вспоминая ситуации с кальянами и сигаретами рядом с университетом.

Преступления и последствия

— Какие преступления среди молодежи наиболее распространены?

— В основном это наркопреступления и вымогательство. Даже небольшое вовлечение может привести к серьезным последствиям, — отмечает профессор.

